

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Бақылау
Данасы
Контрольный
экземпляр

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС ҚҰНЫНЫҢ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН
КӨРСЕТКІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ
УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТОИМОСТИ
СТРОИТЕЛЬСТВА

ҚР ҚНБҚ 8.01-12-2024
НДЦС РК 8.01-12-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики
Казахстан

Астана 2024

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік
нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАР**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

**ҚҰРЫЛЫС ҚҰНЫНЫҢ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН
КӨРСЕТКІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ
УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТОИМОСТИ
СТРОИТЕЛЬСТВА**

**ҚР ҚНБҚ 8.01-12-2024
НДЦС РК 8.01-12-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

Астана 2024

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 12.06.2024 жылғы № 94-нқ бұйрығымен 01.07.2024 жылдан бастап

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 12.06.2024 года № 94-нқ с 01.07.2024 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу тәртібі	3
4.1 Жалпы бөлік.....	3
4.2 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің бастапқы деректерін дайындау	4
4.3 ҚҚІК әзірленетін нысандардың тізімін жасау	4
4.4 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өлшем бірлігін таңдау	4
4.5 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өкіл объектісін таңдау	5
4.6 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің ресурстық-технологиялық модельдерін қалыптастыру	5
4.7 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін есептеу	7
5 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің жинағын қалыптастыру және ресімдеу	7
А қосымшасы (міндетті) Өлшем бірліктерінің болжалды тізбесі.....	9
Б қосымшасы (міндетті) Ғимараттардың барлық түрлеріне арналған құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін ғимарат жылытқышы қалыңдығы өзгерісінің және іргетастарды орнату тереңдігі коэффициенттері	10
В қосымшасы (міндетті)	15
Г қосымшасы (міндетті)	16
Д қосымшасы (міндетті) Өкіл объектінің техникалық сипаттамалары кестесінің нысаны	17

Кіріспе

Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) ғимараттар мен құрылыстарды салу құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеуге арналған жалпы әдістемелік ережелерді белгілейді.

**БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

**ҚҰРЫЛЫС ҚҰНЫНЫҢ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ УКРУПНЕННЫХ
ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТОИМОСТИ СТРОИТЕЛЬСТВА**

Енгізу күні 2024-07-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар ғимараттар мен құрылыстарды салу құнының ірілендірілген көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚКІК) әзірлеу, келісу, ресімдеу, бекітудің жалпы тәртібін және олардың құрамын белгілейді.

1.2 Әдістемелік ұсынымдар құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымның қолдануына арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Әдістемелік ұсынымдарды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтату, күшін жою) қағидалары (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 118673 болып тіркелді).

ҚР СТ 1.5-2019 «Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарды жасауға, баяндауға, ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын жалпы талаптар».

МЕМСТ 8.417-2002 «Мемлекетаралық стандарт. Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Шама бірліктері».

МЕМСТ 21.101-97 «Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасының жүйесі. Жобалау және жұмыс құжаттамасына қойылатын негізгі талаптар (ҚЖҚЖ)».

ҚР ҚН 1.02-03-2022 «Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы».

ҚР ҚН 1.02-04-2022 «Құрылысқа арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу, келісу, бекіту қағидалары және олардың құрамы».

ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуды ұйымдастыру».

ҚР ҚЖ 1.01-101-2014 «Құрылыс терминологиясы».

ҚР ҚНБҚ 8.01-12-2024

НДЦС РК 8.01-12-2024

ҚР ҚЖ 1.01-102-2014 «Құрылыс терминологиясы. Құрылыс технологиясы және құрылысты ұйымдастыру».

ҚР ҚЖ 1.01-104-2014 «Құрылыс терминологиясы. Құрылыс конструкциялары. Құрылыс материалдары мен бұйымдары».

ҚР СБНҚ 8.01-08-2022 «Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі».

ҚР СБНҚ 8.04-09-2022 «Қосымша шығындардың сметалық нормалары. Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға арналған шығындар»

ҚР СБНҚ 8.04-03 «Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар».

ҚР ЭСН 8.04-01 «Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар».

ҚР ЭСН 8.04-02 «Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар».

ҚР СБЖ 8.04-08 «Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинақтары».

ҚР МПБЖ 8.04-11 «Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ҚР ЕШБЖ 8.04-13 «Құрылыстағы еңбек шығындарына арналған сметалық бағалар жинағы».

ҚР ЖТБЖ 8.04-12 «Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ҚР СБЖ 8.04-09 «Құрылыс объектілерінің инженерлік жабдықтарына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ВК-001 Құрылыс ресурстарының жіктеуіші.

Халықаралық бірліктер жүйесі (ӨЖ) (Le Système international d'unités (SI)).

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша «Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың тізбесі (СҚҚК-5)», «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі» ақпараттық каталогтары және ағымдағы жылы жарияланған мерзімді түрде шығарылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтары бойынша сілтеме құжаттарының қолданылуын тексеру орынды. Егер сілтеме құжаты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Әдістемелік ұсынымдарда Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы қолданыстағы заңнамада келтірілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Ағымдағы бағалар: Құрылыс ресурстарының нақты кезеңге арналған сметалық бағалары.

3.2 Ағымдағы бағалар туралы ақпарат: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының анықтамалық басылымдары, прайс-парақтар, өндірушілердің және (немесе) өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары.

3.3 Жаңа құрылыс: жаңа объект немесе жаңа өндірістік қуат құру мақсатында жаңа алаңдарда жүзеге асырылатын пайдалануға берілгеннен кейін дербес теңгерімде болатын жеке объектілердің, ғимараттар мен құрылыстардың, жаңадан құрылатын кәсіпорындардың негізгі, қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілер

кешенінің, жекелеген өндірістердің құрылысы, таратылатын кәсіпорынның орнына жаңа алаңда қуаты (ғимараттың немесе құрылыстың өнімділігі, өткізу қабілеті, сыйымдылығы) сондай немесе одан да жоғары кәсіпорынның құрылысы.

3.4 Құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган ведомствосының қарауындағы және құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеумен, құрылыс саласындағы баға белгілеу және экономика жөніндегі ғылыми зерттеулермен айналысатын заңды тұлға.

3.5 Құрылыс жобаларының мемлекеттік дерекқоры: Ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған жаңа объектілердің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау құжаттамасының электрондық мұрағаты

3.6 Құрылыс ресурстары: жұмысшылар мен машинистердің еңбек шығындары, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты, құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары, жабдықтары.

3.7 Материалдық ресурстар: Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары.

3.8 Объект: Оған жататын барлық жайластырулары, жабдықтары, жиһазы, мүкәммалы, көмекші және қосалқы құрылғылары, ішкі инженерлік жүйелері бар жеке тұрған ғимарат немесе құрылыс немесе жалпы технологиялық немесе өзге де мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың жиынтығы.

3.9 Өкіл объект: Ресурстық-технологиялық модельді қалыптастыру және құнның ірілендірілген көрсеткішін айқындау үшін баламалы ұқсас объектілер арасынан таңдалған ұқсас объект.

3.10 Ресурстық-технологиялық модель: Өкіл объект бойынша сметалық құжаттаманың деректері негізінде қалыптастырылған еңбек, техникалық және материалдық ресурстардың біріздендірілген жинағы.

3.11 Сметалық құжаттама: Құрылыстың сметалық құнын айқындайтын жоба құрамындағы құжаттама.

3.12 Ұқсас объект: Функциялық мақсаты, техникалық сипаттамалары және басқа да баға белгілеу факторлары бойынша жобаланатын объектіге ұқсас (салыстырмалы) объект.

Ескертпе – Сметалық құжаттаманы жасау кезінде бағалар туралы ақпарат құрылыс үшін құн индекстерін қолдану арқылы жобалау алдындағы, жобалау-сметалық құжаттама жасалатын сметалық бағалар деңгейіне келтіріледі.

4 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу тәртібі

4.1 Жалпы бөлік

4.1.1 ҚҚІК қиындатушы факторлар (қысылтаяндық, газдану, әрекеттегі жабдыққа жақын жердегі жұмыс және басқа да қиындатушы факторлар) болмаған жағдайда жұмыстардың жүргізу жағдайында (бұдан әрі – құрылыстың қалыпты (стандартты) жағдайлары) жүзеге асырылатын жаңа құрылыстың құнын айқындау үшін әзірленеді және қолданылады.

Ескертпе – Жұмыстың қалыпты жағдайлары – еңбек пен өндірісті ұтымды ұйымдастыруды, техника мен технологияның қазіргі заманғы дамуын, қауіпсіздік талаптарын сақтауды, қоршаған ортаның оң температурасында еңбек және техникалық ресурстарды толық пайдалануды ескере отырып орындалатын, сыртқы факторлармен (биік таулар, қысылтаяндық, газдану және т.б.) күрделенбеген жұмыстарды жүргізу (жұмыстарды орындау, талап етілетін материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды қоймалау және құрылысшілік тасымалдау) жағдайлары.

Құрылыстың күрделі шарттары қысылтаяндық, газдану, құрылысты ұйымдастыру жобасында көзделген ерекше факторлары (биік таулар және т.б.) бар аудандарда, жұмыс істеп тұрған жабдықтың маңайында жұмыс істеу, сондай-ақ басқа да күрделі өндірістік жағдайлар болып табылады.

4.1.2 Қосылған құн салығын есепке алмағанда, қорытынды ҚҚІК мың теңгемен белгіленеді.

4.1.3 ҚҚІК құрылыстың аймақтық шарттары үшін әзірленеді.

4.1.4 ҚҚІК әзірлеу мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

- ҚҚІК әзірлеу үшін бастапқы деректерді дайындау;
- ҚҚІК әзірленетін нысандардың тізімін жасау;
- ҚҚІК өлшем бірліктерін таңдау;
- ҚҚІК өкіл объектісін таңдау;
- ҚҚІК ресурстық-технологиялық модельдерді қалыптастыру;
- бекітілген өлшеуішке ҚҚІК есептеу.

4.2 Сметалық құнның ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу үшін бастапқы деректерді дайындау

4.2.1 ҚҚІК әзірлеу кезінде мынадай бастапқы деректер пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар;

- сметалық нормативтер;
- объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасы (бұдан әрі - ЖСҚ).

4.2.2 ҚҚІК әрбір түрі бойынша ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасын іріктеу жүргізіледі. Аналогтық объектілерді таңдау мемлекеттік құрылыс жобалары дерекқорынан объектілерді келесі өлшемшарттар бойынша талдауға және таңдауға негізделген:

- ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының болуы;
- жобаның жиынтықтылығы (ЖСҚ бөлімдерінің толық құрамы);
- жобалық шешімдердің прогрессивтілік деңгейі (шығарылған жылы, заманауи конструкциялар мен материалдарды, инновациялық инженерлік шешімдерді қолдану).

4.2.3 Іріктелген объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасының құрамында бастапқы деректерді және жергілікті сметаларды есептеу нәтижелерін ұсынудың әмбебап форматында (KENML форматы) және бір мезгілде PDF форматындағы электрондық құжат түрінде сметалық құжаттама болуға тиіс.

4.3 ҚҚІК әзірленетін нысандардың тізімін жасау

4.3.1 Объектілерге арналған ҚҚІК олардың функциялық мақсатына, қуатына, конструктивтік жүйесіне және басқа да сипаттамаларына қарай салалық қағидат бойынша бөлімдерге топтастырылады.

4.3.2 Кіші бөлімдер объектілердің негізгі айрықша белгісі бойынша бөлімдер ішінде қалыптастырылады, бұл объектінің қуаты немесе объектілердің конструктивтік жүйесі және т.б. болуы мүмкін.

4.3.3 ҚҚІК-ге көрсеткіштерді топтастырудың иерархиялық реттілігін ескере отырып, жеке шифр беріледі.

4.4 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өлшем бірлігін таңдау

4.4.1 ҚҚІК өлшем бірліктерін таңдау объектілердің функционалдық ерекшеліктерін және ҚҚІК қолданудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету

қажеттілігін ескере отырып жүзеге асырылады (ең көп таралған өлшем бірліктері А қосымшасында келтірілген).

4.5 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өкіл объектісін таңдау

4.5.1 Өкіл-объектіні таңдау неғұрлым тиімді техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар ЖСҚ дерекқорының баламалы ұқсас объектілерінің техникалық - экономикалық көрсеткіштерін (бұдан әрі-ТЭК) салыстырмалы талдауға негізделген.

Ұқсас объектілердің ТЭК функциялық мақсаты бойынша және (немесе) конструктивтік және көлемдік-жоспарлау шешімдері (ғимараттың конструктивтік жүйесі, салыстырмалы жұмыс түрлері және т. б.) бойынша сипаттамаларды салыстыру кезінде барынша сәйкес келуге тиіс;

4.5.2 Жобалау-сметалық құжаттаманы таңдау кезінде арнайы жұмыс түрлерін (топырақты жасанды бекіту немесе ауыстыру, су деңгейін төмендету, оқшаулаудың күрделі түрлері және т.б.) орындауды қажет ететін ерекше күрделі гидрогеологиялық жағдайларда салынатын объектілердің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы пайдалану ұсынылмайды.

4.5.3 ҚҚІК таңдалған өлшем бірлігіне есептелген таңдалған объектілер құрылысының сметалық құнын талдау және салыстыру (бұдан әрі – құнның үлестік көрсеткіші) жүргізіледі.

Объектілердің құн көрсеткіштерін салыстыру кезінде тек салыстыруға келетін шығындар салыстырылады, яғни салыстырылатын объектілердің құрылысы құнынан сыртқы факторлармен қиындатылмаған қалыпты (стандартты) жағдайларда құрылысқа тән емес шығындар алынып тасталады.

4.5.4 2 және одан да көп таңдалған жобалар болған кезде құрылыс құнының үлестік көрсеткішінің орташа арифметикалық мәні айқындалады. Құрылыс құнының үлестік көрсеткіші орташа арифметикалық мәніне неғұрлым жақын объект өкіл объект ретінде қабылданады.

4.5.5 Өкіл объектінің ЖСҚ-ын талдау кезінде қажет болған жағдайда жобалау-технологиялық блоктар (бөлімдер мен кіші бөлімдер) бойынша жергілікті сметаларда деректерді қайта топтастыру орындалуы мүмкін.

4.6 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің ресурстық-технологиялық модельдерін қалыптастыру

4.6.1 Ресурстық-технологиялық модель (бұдан әрі – РТМ) өкіл объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасы негізінде қалыптастырылады және сол немесе өзге өлшем бірлігіне жұмыстардың жүргізудің қабылданған технологисы бойынша ғимаратты немесе құрылысты тұрғызу үшін қажетті еңбек, техникалық және материалдық ресурстардың біріздендірілген жинағы болып табылады.

Ресурстардың қажетті шығысы негізінде және олардың тиісті кезеңдегі сметалық бағаларын ескере отырып, ғимарат пен құрылыс бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары кешенінің барлық сметалық құнының сомасы есептеледі.

4.6.2 РТМ-ға шығындардың мынадай түрлері сараланып енгізіледі:

- жұмысшылардың еңбек шығындары, адам-сағат;
- құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану, машина-сағат;
- қабылданған өлшем бірліктеріндегі құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары;
- жүктерді тасымалдау;
- инженерлік жабдықтар;

- технологиялық жабдықтар.

4.6.3 РТМ-дағы материалдық ресурстар мен жабдықтарды аттас позициялардың жиынтық құнының кему ретімен саралай отырып келтіру ұсынылады.

РТМ құрамына кіретін ресурстардың жалпы сметалық құны олардың ағымдағы бағасына ресурстар шығысы көрсеткіштерінің туындыларының сомасы ретінде айқындалады.

4.6.4 Өкіл объектінің сметалық құжаттамасында қабылданған баға туралы ақпаратты қолдана отырып, материалдық ресурстар мен жабдықтар олар болған жағдайда құрылыс ресурстарының қолданыстағы сметалық-нормативтік базасынан тиісті ресурстарға ауыстырылады.

Сметалық-нормативтік базада материалдық ресурстар мен жабдыққа сметалық бағалар болмаған жағдайда бағалар туралы өзекті ақпарат пайдаланылады не өкіл объектінің сметалық құжаттамасында қабылданған олардың құны құрылыс құнын айқындаудың қолданыстағы тәртібіне сәйкес құрылыс үшін құн индексін қолдану арқылы ағымдағы жылдың бағасына келтіріледі.

Қолданыстағы сметалық-нормативтік базада Қазақстан Республикасының қандай да бір өңірі бойынша материалдық ресурсқа баға болмаған жағдайда, осы өңір үшін осы материалдық ресурсқа Қазақстан Республикасы бойынша орташа баға қабылданады.

4.6.5 Неғұрлым үнемді жобалау шешімдерін қолдануды қамтамасыз ету мақсатында өкіл объектінің жобалау-сметалық құжаттамасында қабылданған техникалық сипаттамаларға сәйкес келген жағдайда құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды ауыстыруға жол беріледі.

4.6.6 РТМ ҚҚІК әзірлеу кезінде қолданыстағы сметалық нормативтерді есепке алу, жіберілген қателер мен дәлсіздіктерді жою мақсатында нақтылануы және пысықталуы мүмкін.

4.6.7 РТМ бойынша құрылыстың құны Қазақстан Республикасының барлық өңірлері бойынша айқындалады, бұл ретте Б қосымшасында көрсетілген түзету коэффициенттерін қолдану арқылы құрылыс ауданының климаттық жағдайлары ескеріледі.

4.6.8 ҚҚІК кәдімгі геологиялық жағдайларда (сейсмикалық емес аудандарда) объектілерді салу жағдайларына сүйене отырып әзірленеді. Егер өкіл объект сейсмикалық белсенділігі 6 балдан асатын аудандарда құрылыс үшін жобаланған болса, онда РТМ бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнына сейсмикалық емес аудандардағы құрылыс жағдайларына құрылыс құнын келтіру үшін В қосымшасына сәйкес коэффициент қолданылады.

4.6.9 Егер объектілерді салу кезінде тек жеке алынған өңірге ғана тән жобалық шешімдер қолданылатын болса, онда ҚҚІК тек осы нақты өңір үшін ғана әзірленеді (мысалы, Маңғыстау және Атырау облыстарында қабырға материалы ретінде ұлутасты қолдану).

4.6.10 Жекелеген жағдайларда ҚҚІК жинағының құрамында қажеттіліктері құрылыс шарттарымен белгіленетін түзетулер көзделуі мүмкін.

4.6.11 Егер өкіл-объектінің жобасы ауылдық жерлердің құрылысына арналған болса, онда ҚҚІК республикалық маңызы бар қалалар үшін әзірленбейді.

4.6.12 ҚҚІК технологиялық жабдықтарға, жиһаздарға, мүкәммалға арналған шығындарды есепке алмай әзірленеді.

Өкіл объектінің жобалау-сметалық құжаттамасында қабылданған технологиялық жабдықтармен, жиһаздармен, мүкәммалмен жарақтандыруға арналған шығындар жинақтың қосымшасында жеке көрсетіледі.

4.6.13 ҚҚІК еңбек шығындарының көрсеткіштері жинақтың қосымшасында көрсетіледі.

4.7 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін есептеу

4.7.1 ($K_{\text{құр}}$) объект құрылысы құнының көрсеткішін есептеу (1) формула бойынша жүргізіледі:

$$K_{\text{құр}} = \frac{K_{\text{қмж}} + K_{\text{жк}}}{k} \quad (1)$$

мұндағы $K_{\text{қмж}}$ - құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны;

$K_{\text{жк}}$ – күтпеген жұмыстар мен шығындарға арналған қаражатты ескере отырып, инженерлік жабдықтардың сметалық құны;

k – объектінің өлшем бірлігінің көрсеткіші.

4.7.2 Құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын ($K_{\text{қмж}}$) есептеу (2) формула бойынша жүргізіледі:

$$K_{\text{қмж}} = Ш_{\text{рtm}} * K_{\text{клим}} \quad (2)$$

мұндағы $Ш_{\text{рtm}}$ – РТМ бойынша шығындар;

$K_{\text{клим}}$ – құрылыс ауданының климаттық жағдайларын ескеретін ҚҚІК-ге түзету коэффициенттері;

5 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің жинағын қалыптастыру және ресімдеу

5.1 ҚҚІК Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтату, күшін жою) қағидаларына сәйкес әзірленеді, келісіледі, бекітіледі және қолданысқа енгізіледі.

5.2 ҚҚІК Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жинақтарға (бұдан әрі – ҚҚІК жинағы) біріктіріледі.

Өкіл объектінің техникалық сипаттамалары туралы ақпаратты қамтитын «Өкіл объектілер» жинағы жеке шығарылады.

5.3 ҚҚІК жинағында жалпы ережелер, жинақтың әр бөлімі бойынша техникалық бөліктер, құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің кестелері, бастапқы жарақтандыруға арналған технологиялық жабдықтардың құндық көрсеткіштері бар қосымша, еңбек шығындарының көрсеткіштері бар қосымша қамтылуы керек. ҚҚІК кестесінің және Жинақ қосымшаларының формалары Г қосымшасында келтірілген.

5.4 Жалпы ережелерде жинақтың құрамы және оны қолдану тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі, атап айтқанда:

- ҚҚІК жинағының мақсаты мен қолданылу тәртібі;
- құнның ірілендірілген көрсеткіштерінде ескерілген және ескерілмеген шығындар туралы мәліметтер;
- өзге де мәліметтер.

5.5 Жинақтың бөлімдеріне техникалық бөліктерде бөлімге енгізілген объектілердің номенклатурасы туралы мәліметтер, көлемдерді есептеу қағидалары, нормаларда қабылданғандардан ерекшеленетін жағдайларда жұмыстар жүргізуді ескеретін коэффициенттер, сметалық құнды айқындау үшін қажетті объект туралы өзге де мәліметтер келтіріледі.

5.6 ҚҚІК әрбір кестесінде код, көрсеткіштің атауы, өлшем бірлігі, мың теңгемен көрсетілген құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткішінің мәні көрсетіледі. Құрылыс

құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің мәндері үтірден кейін үш белгіге дейін дөңгелектенеді. ҚҚІК кестесінің нысаны Г қосымшасында келтірілген.

5.7 ҚҚІК-де шығындарды келесідей бөлу қажет:

- Құрылыс-монтаж жұмыстары:
 - оның ішінде материалдар;
 - оның ішінде жұмысшылар мен машинистердің еңбекақысын төлеу;
- Жабдық.

5.8 «Өкіл объектілер» жинағы өкіл объектінің техникалық сипаттамалары туралы ақпаратты қамтуы керек, атап айтқанда:

- объектінің схемасы (қасбеті, жоспары);
- объектінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері;
- объектінің конструктивтік элементтерінің сипаттамалары және олардың қысқаша сипаттамасы.

«Өкіл объектілер» жинағы кестесінің нысаны Д қосымшасында келтірілген.

5.9. ҚҚІК жинағы жылына бір рет әзірленеді.

5.10 Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы (уәкілетті орган ведомствосының) бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган ведомствосының шешімі бойынша ҚҚІК әзірлеу және (немесе) жаңарту кезеңділігі өзгертілуі мүмкін.

А қосымшасы
(міндетті)

Өлшем бірліктерінің болжалды тізбесі

Атауы	Өлшем бірлігі
ТҰРҒЫН ҮЙ-АЗАМАТТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕР	
Тұрғын ғимараттар	1 м2 тұрғын үйдің жалпы ауданы, 1 м2 пәтерлердің жалпы ауданы, 1 м2 жапсарлас салынған үй-жайлардың ауданы
Әкімшілік ғимараттар	м2/1 жұмыс орны, м2/1 орын, м2/тәулігіне 1 келу, м2/1 машина-орын
Оқу орындары	м2/1 орын, 1 орын
Денсаулық сақтау объектілері	м2/ауысымға 1 келу, м2/1 төсек-орын, м2/1 шақыру
Спорт ғимараттары	м2/ауысымға 1 келу, м2/1 орын
Ашық типтегі спорт құрылыстары	м2, м2/1 орын
Автомобиль тұрақтары	м2/объект
Мәдениет объектілері	м2/1 орын, м2/1 мың сақтау бірлігі
ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ ОБЪЕКТІЛЕРІ	
Энергетика объектілері	объект
Сумен жабдықтау және су бұру объектілері	объект
Тазарту құрылыстары	объект
Әкімшілік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер	м2/объект
Сақтау объектілері	м2/объект, объект
Көлік объектілері	1 км, 100 м2 жол жабынының ауданы, 100 м, 100 м2, 1 км жарықтандырылған жол учаскесі

Б қосымшасы
(міндетті)

Ғимараттардың барлық түрлеріне арналған құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін ғимарат жылытқышы қалыңдығы өзгерісінің және іргетастарды орнату тереңдігі коэффициенттері

Б.1 кестесі - Ғимараттардың барлық түрлеріне арналған (блокты-модульдік ғимараттардан басқа) құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін ғимарат жылытқышы қалыңдығы өзгерісінің және инженерлік қамтамасыз ету коэффициенттері

Р/с №	Өңір коды	ҚР өңірлерінің атауы	ҚҚІК есептеу үшін қабылданған температура, °С	Өкіл объектінің климаттық аймақтары						
				ІВ, ІІВ, ІІІВ, ІІІА (минус 25°С)	ІВ, ІІВ, ІІІВ, ІІІА (минус 30°С)	ІВ, ІІВ, ІІІВ, ІІІА (минус 35°С)	ІВ, ІІВ, ІІІВ, ІІІА (минус 39°С)	ІVА, ІVГ (минус 20°С)	ІVА, ІVГ (минус 25°С)	ІVА, ІVГ (минус 30°С)
1	01	Астана қ.	-35	1,009	1,003	1,000	0,994	1,011	1,008	1,006
2	02	Алматы қ.	-25	1,000	0,994	0,991	0,985	1,002	0,999	0,997
3	03	Ақмола облысы	-35	1,009	1,003	1,000	0,994	1,011	1,008	1,006
4	04	Ақтөбе облысы	-30; -35	1,009	1,003	0,999	0,994	1,010	1,007	1,005
5	05	Алматы облысы	-30	1,006	1,000	0,997	0,991	1,007	1,005	1,002
6	06	Атырау облысы	-25	1,001	0,995	0,992	0,986	1,003	1,000	0,998
7	07	Батыс Қазақстан облысы	-30	1,006	1,000	0,997	0,991	1,007	1,005	1,002
8	08	Жамбыл облысы	-30	1,004	0,998	0,995	0,989	1,006	1,003	1,001
9	09	Қарағанды облысы	-35	1,009	1,003	1,000	0,994	1,011	1,008	1,006
10	10	Қостанай облысы	-35	1,009	1,003	1,000	0,994	1,011	1,008	1,006
11	11	Қызылорда облысы	-30	1,003	0,998	0,994	0,989	1,005	1,002	1,000
12	12	Маңғыстау облысы	-25	1,001	0,995	0,992	0,986	1,003	1,000	0,998
13	13	Түркістан облысы	-25	1,001	0,995	0,992	0,986	1,003	1,000	0,997
14	14	Павлодар облысы	-39	1,015	1,009	1,006	1,000	1,017	1,014	1,012
15	15	Солтүстік Қазақстан облысы	-39	1,015	1,009	1,006	1,000	1,017	1,014	1,012
16	16	Шығыс Қазақстан облысы	-39	1,015	1,009	1,006	1,000	1,017	1,014	1,012
17	17	Шымкент қ.	-25	1,001	0,995	0,992	0,986	1,003	1,000	0,997
18	18	Абай облысы	-39	1,015	1,009	1,006	1,000	1,017	1,014	1,012
19	19	Жетісу облысы	-30	1,006	1,000	0,997	0,991	1,007	1,005	1,002
20	20	Ұлытау облысы	-35	1,009	1,003	1,000	0,994	1,011	1,008	1,006

Ескертпе - Алаңшілік инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз ҚҚІК үшін.

Б.2 кестесі – Ғимараттардың барлық түрлеріне арналған (блокты-модульдік ғимараттардан басқа) құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін ғимарат жылытқышы қалыңдығы өзгерісінің және инженерлік қамтамасыз ету коэффициенттері

Р/с №	Өңір коды	ҚР өңірлерінің атауы	ҚКІК есептеу үшін қабылданған температура, °С	Өкіл объектінің климаттық аймақтары						
				ІВ, ПВ, ПІВ, ША (минус 25°С)	ІВ, ПВ, ПІВ, ША (минус 30°С)	ІВ, ПВ, ПІВ, ША (минус 35°С)	ІВ, ПВ, ПІВ, ША (минус 39°С)	ІВА, ІVГ (минус 20°С)	ІВА, ІVГ (минус 25°С)	ІВА, ІVГ (минус 30°С)
1	01	Астана қ.	-35	1,007	1,002	1,000	0,995	1,009	1,007	1,005
2	02	Алматы қ.	-25	1,000	0,995	0,993	0,988	1,002	0,999	0,998
3	03	Ақмола облысы	-35	1,007	1,002	1,000	0,995	1,009	1,007	1,005
4	04	Ақтөбе облысы	-30; -35	1,007	1,002	0,999	0,995	1,008	1,006	1,004
5	05	Алматы облысы	-30	1,005	1,000	0,998	0,993	1,006	1,004	1,002
6	06	Атырау облысы	-25	1,001	0,996	0,993	0,989	1,002	1,000	0,998
7	07	Батыс Қазақстан облысы	-30	1,005	1,000	0,998	0,993	1,006	1,004	1,002
8	08	Жамбыл облысы	-30	1,003	0,998	0,996	0,991	1,005	1,002	1,001
9	09	Қарағанды облысы	-35	1,007	1,002	1,000	0,995	1,009	1,007	1,005
10	10	Қостанай облысы	-35	1,007	1,002	1,000	0,995	1,009	1,007	1,005
11	11	Қызылорда облысы	-30	1,002	0,998	0,995	0,991	1,004	1,002	1,000
12	12	Маңғыстау облысы	-25	1,001	0,996	0,993	0,989	1,002	1,000	0,998
13	13	Түркістан облысы	-25	1,001	0,996	0,993	0,989	1,002	1,000	0,998
14	14	Павлодар облысы	-39	1,012	1,007	1,005	1,000	1,014	1,011	1,010
15	15	Солтүстік Қазақстан облысы	-39	1,012	1,007	1,005	1,000	1,014	1,011	1,010
16	16	Шығыс Қазақстан облысы	-39	1,012	1,007	1,005	1,000	1,014	1,011	1,010
17	17	Шымкент қ.	-25	1,001	0,996	0,993	0,989	1,002	1,000	0,998
18	18	Абай облысы	-39	1,012	1,007	1,005	1,000	1,014	1,011	1,010
19	19	Жетісу облысы	-30	1,005	1,000	0,998	0,993	1,006	1,004	1,002
20	20	Ұлытау облысы	-35	1,007	1,002	1,000	0,995	1,009	1,007	1,005

Ескертпе - Алаңшілік инженерлік желілермен және абаттандырумен ҚКІК үшін.

Б.3 кестесі - Топырақтың қатуына қарсы арнайы жылу техникалық шараларсыз жертөлесіз аз қабатты тұрғын үйлерге арналған құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін іргетастардың жатыс тереңдігі өзгерісінің коэффициенттері

Р/с №	Өңір коды	ҚР өңірлерінің атауы	ҚКІК есептеу үшін қабылданған температура, °С	Өкіл объектінің климаттық аймақтары						
				ІВ, ІВ, ІПВ, ІПА (минус 25°С)	ІВ, ІВ, ІПВ, ІПА (минус 30°С)	ІВ, ІВ, ІПВ, ІПА (минус 35°С)	ІВ, ІВ, ІПВ, ІПА (минус 39°С)	ІВА, ІVГ (минус 20°С)	ІВА, ІVГ (минус 25°С)	ІВА, ІVГ (минус 30°С)
1	01	Астана қ.	-35	1,043	1,016	1,000	0,996	1,084	1,044	1,030
2	02	Алматы қ.	-25	1,000	0,974	0,959	0,955	1,039	1,001	0,987
3	03	Ақмола облысы	-35	1,043	1,016	1,000	0,996	1,084	1,044	1,030
4	04	Ақтөбе облысы	-30; -35	1,040	1,013	0,997	0,993	1,081	1,041	1,027
5	05	Алматы облысы	-30	1,026	1,000	0,984	0,980	1,067	1,028	1,014
6	06	Атырау облысы	-25	0,999	0,973	0,958	0,954	1,038	1,000	0,986
7	07	Батыс Қазақстан облысы	-30	1,026	1,000	0,984	0,980	1,067	1,028	1,014
8	08	Жамбыл облысы	-30	1,017	0,991	0,975	0,971	1,057	1,018	1,004
9	09	Қарағанды облысы	-35	1,043	1,016	1,000	0,996	1,084	1,044	1,030
10	10	Қостанай облысы	-35	1,043	1,016	1,000	0,996	1,084	1,044	1,030
11	11	Қызылорда облысы	-30	1,013	0,987	0,971	0,967	1,052	1,014	1,000
12	12	Маңғыстау облысы	-25	0,999	0,973	0,958	0,954	1,038	1,000	0,986
13	13	Түркістан облысы	-25	0,999	0,973	0,958	0,954	1,038	1,000	0,987
14	14	Павлодар облысы	-39	1,047	1,020	1,004	1,000	1,089	1,049	1,034
15	15	Солтүстік Қазақстан облысы	-39	1,047	1,020	1,004	1,000	1,089	1,049	1,034
16	16	Шығыс Қазақстан облысы	-39	1,047	1,020	1,004	1,000	1,089	1,049	1,034
17	17	Шымкент қ.	-25	0,999	0,973	0,958	0,954	1,038	1,000	0,987
18	18	Абай облысы	-39	1,047	1,020	1,004	1,000	1,089	1,049	1,034
19	19	Жетісу облысы	-30	1,026	1,000	0,984	0,980	1,067	1,028	1,014
20	20	Ұлытау облысы	-35	1,043	1,016	1,000	0,996	1,084	1,044	1,030

Ескертпе - Алаңшiлiк инженерлiк желiлерсiз және абаттандырусыз ҚҚКК үшiн; түзетулер үлгiлiк жобалар (байланыстырылмаған) және қадалық iргетастары бар объектiлердiң РТМ-ы негiзiнде есептелген ҚҚКК-ге қолданылмайды.

Б.4 кестесі - Топырақтың қатуына қарсы арнайы жылу техникалық шараларсыз жертөлесіз білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілері, әкімшілік ғимараттар, спорт объектілеріне арналған құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін іргетастардың жатыс тереңдігі өзгерісінің коэффициенттері

Р/с №	Өңір коды	ҚР өңірлерінің атауы	ҚҚІК есептеу үшін қабылданған температура, °С	Өкіл объектінің климаттық аймақтары						
				ІВ, ІВ, ІШВ, ІША (минус 25°С)	ІВ, ІВ, ІШВ, ІША (минус 30°С)	ІВ, ІВ, ІШВ, ІША (минус 35°С)	ІВ, ІВ, ІШВ, ІША (минус 39°С)	ІВА, ІVГ (минус 20°С)	ІВА, ІVГ (минус 25°С)	ІВА, ІVГ (минус 30°С)
1	01	Астана қ.	-35	1,013	1,005	1,000	0,999	1,025	1,014	1,009
2	02	Алматы қ.	-25	1,000	0,992	0,987	0,986	1,012	1,000	0,996
3	03	Ақмола облысы	-35	1,013	1,005	1,000	0,999	1,025	1,014	1,009
4	04	Ақтөбе облысы	-30; -35	1,012	1,004	0,999	0,998	1,024	1,013	1,008
5	05	Алматы облысы	-30	1,008	1,000	0,995	0,994	1,020	1,009	1,004
6	06	Атырау облысы	-25	1,000	0,992	0,987	0,985	1,012	1,000	0,996
7	07	Батыс Қазақстан облысы	-30	1,008	1,000	0,995	0,994	1,020	1,009	1,004
8	08	Жамбыл облысы	-30	1,005	0,997	0,992	0,991	1,017	1,006	1,001
9	09	Қарағанды облысы	-35	1,013	1,005	1,000	0,999	1,025	1,014	1,009
10	10	Қостанай облысы	-35	1,013	1,005	1,000	0,999	1,025	1,014	1,009
11	11	Қызылорда облысы	-30	1,004	0,996	0,991	0,989	1,016	1,004	1,000
12	12	Маңғыстау облысы	-25	1,000	0,992	0,987	0,985	1,012	1,000	0,996
13	13	Түркістан облысы	-25	1,000	0,992	0,987	0,985	1,012	1,000	0,996
14	14	Павлодар облысы	-39	1,015	1,006	1,001	1,000	1,027	1,015	1,011
15	15	Солтүстік Қазақстан облысы	-39	1,015	1,006	1,001	1,000	1,027	1,015	1,011
16	16	Шығыс Қазақстан облысы	-39	1,015	1,006	1,001	1,000	1,027	1,015	1,011
17	17	Шымкент қ.	-25	1,000	0,992	0,987	0,985	1,012	1,000	0,996
18	18	Абай облысы	-39	1,015	1,006	1,001	1,000	1,027	1,015	1,011
19	19	Жетісу облысы	-30	1,008	1,000	0,995	0,994	1,020	1,009	1,004
20	20	Ұлытау облысы	-35	1,013	1,005	1,000	0,999	1,025	1,014	1,009

Ескертпе - Алаңшілік инженерлік желілермен және абаттандырумен ҚҚІК үшін; түзетулер үлгілік жобалар (байланыстырылмаған) және қадалық іргетастары бар объектілердің РТМ-ы негізінде есептелген ҚҚІК-ге қолданылмайды.

Б.5 кестесі - Топырақтың қатуына қарсы арнайы жылу техникалық шараларсыз жертөлесіз білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілері, әкімшілік ғимараттар, спорт объектілеріне арналған құрылыс аудандарының климаттық жағдайларын есептеу үшін іргетастардың жатыс тереңдігі өзгерісінің коэффициенттері

Р/с №	Өңір коды	ҚР өңірлерінің атауы	ҚҚІК есептеу үшін қабылданған температура, °С	Өкіл объектінің климаттық аймақтары						
				ІВ, ПВ, ППВ, ППА (минус 25°С)	ІВ, ПВ, ППВ, ППА (минус 30°С)	ІВ, ПВ, ППВ, ППА (минус 35°С)	ІВ, ПВ, ППВ, ППА (минус 39°С)	ІВА, ІVГ (минус 20°С)	ІВА, ІVГ (минус 25°С)	ІВА, ІVГ (минус 30°С)
1	01	Астана қ.	-35	1,017	1,007	1,000	0,998	1,033	1,018	1,012
2	02	Алматы қ.	-25	1,000	0,989	0,983	0,981	1,016	1,000	0,995
3	03	Ақмола облысы	-35	1,017	1,007	1,000	0,998	1,033	1,018	1,012
4	04	Ақтөбе облысы	-30; -35	1,009	0,998	0,992	0,990	1,024	1,009	1,004
5	05	Алматы облысы	-30	1,011	1,000	0,994	0,992	1,026	1,011	1,006
6	06	Атырау облысы	-25	1,000	0,989	0,983	0,981	1,015	1,000	0,995
7	07	Батыс Қазақстан облысы	-30	1,011	1,000	0,994	0,992	1,026	1,011	1,006
8	08	Жамбыл облысы	-30	1,007	0,996	0,990	0,988	1,022	1,007	1,002
9	09	Қарағанды облысы	-35	1,017	1,007	1,000	0,998	1,033	1,018	1,012
10	10	Қостанай облысы	-35	1,017	1,007	1,000	0,998	1,033	1,018	1,012
11	11	Қызылорда облысы	-30	1,005	0,994	0,988	0,986	1,021	1,005	1,000
12	12	Маңғыстау облысы	-25	1,000	0,989	0,983	0,981	1,015	1,000	0,995
13	13	Түркістан облысы	-25	1,000	0,989	0,983	0,981	1,015	1,000	0,995
14	14	Павлодар облысы	-39	1,019	1,008	1,002	1,000	1,035	1,020	1,014
15	15	Солтүстік Қазақстан облысы	-39	1,019	1,008	1,002	1,000	1,035	1,020	1,014
16	16	Шығыс Қазақстан облысы	-39	1,019	1,008	1,002	1,000	1,035	1,020	1,014
17	17	Шымкент қ.	-25	1,000	0,989	0,983	0,981	1,015	1,000	0,995
18	18	Абай облысы	-39	1,019	1,008	1,002	1,000	1,035	1,020	1,014
19	19	Жетісу облысы	-30	1,011	1,000	0,994	0,992	1,026	1,011	1,006
20	20	Ұлытау облысы	-35	1,017	1,007	1,000	0,998	1,033	1,018	1,012

Ескертпе - Алаңшілік инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз ҚҚІК үшін; түзетулер үлгілік жобалар (байланыстырылмаған) және қадалық іргетастары бар объектілердің РТМ-ы негізінде есептелген ҚҚІК-ге қолданылмайды.

В қосымшасы
(міндетті)

ҚМЖ есептеу кезінде сейсмикалық емес аудандарға келтіру үшін коэффициенттер

Өкіл объектіде ескерілген сейсмикалық	Сейсмикалық емес ауданға (нұсқаға) келтіру коэффициенті
6 балл	1,000
7 балл	0,971
8 балл	0,952
9 балл	0,926

Г қосымшасы
(міндетті)

Г.1 кестесі - Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері кестесінің нысаны

XXXX кесте - Білім беру объектілері

мың теңге

Норм а шифр ы	Объекті нің атауы	Өлше м бірлігі	Объект құнының көрсеткіші				
			Объект құрылы сы құныны ң көрсеткі ші	оның ішінде			Жабдықт ар
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарын ың (ҚМЖ) құны	оның ішінде		
					материал дар	жұмысшыла р мен машинистер дің еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8

Г.2 кестесі - Жинаққа қосымша

Технологиялық жабдықтар құнының көрсеткіштері

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Құны
1	2	3	4

Г.3 кестесі – Жинаққа қосымша

Еңбек шығынының көрсеткіштері

Өлшем бірлігі: адам-сағ.

Норма шифры	Жұмысшылардың нормативті еңбек сыйымдылығы	Машинистердің нормативті еңбек сыйымдылығы
1	2	3

Д қосымшасы
(міндетті)

Өкіл объектінің техникалық сипаттамалары кестесінің нысаны

XXXX-XXXX-XX кесте - Объектінің, конструктивтік шешімдердің және жұмыс түрлерінің техникалық сипаттамалары

Р/с №	Объектінің конструктивтік элементтерінің сипаттамасы	Қысқаша сипаттамасы
	Объектінің негізгі көрсеткіштері	
1	Тұрғын үйдің ауданы	
2	Пәтерлердің жалпы ауданы	
3	Құрылыс көлемі	
	Негізгі жобалық шешімдер	
1	Сәулет-жоспарлау шешімдері	
I	Жалпы құрылыстық құрылымдық шешімдер	
1	Іргетастар	
2	Жертөле қабырғалары	
3	Қаңқа	
4	Қабырғалар:	
5	Аражабындар, жабу	
6	Арақабырғалар	
7	Шатыр	
8	Жаппа	
9	Ойықтар:	
9.1	терезе блоктары	
9.2	есік блоктары	
10	Едендер	
11	Ішкі әрлеу:	
11.1	қабырғалар	
11.2	төбелер	
12	Сыртқы әрлеу	
13	Басқа құрылымдық шешімдер:	
13.1	баспалдақтар	
II	Ішкі инженерлік жүйелер	
14	Электрмен жабдықтау	
15	Сумен жабдықтау	
16	Кәріз	
17	Жылумен жабдықтау	
18	Желдету	
19	Әлсіз тоқты желілер	
19.1	телефондандыру	
19.2	домофон байланысы	
20	Бейнебақылау жүйесі	
III	Сыртқы инженерлік желілер	
21	Электрмен жабдықтау	
22	Сумен жабдықтау	
23	Кәріз	
24	Жылумен жабдықтау	
25	Байланыс желілері	
IV	Абаттандыру	
26	Тік жоспарлау	
27	Өтпе жолдар, аяқ жолдар және алаңдар	
28	Көгалдандыру	
29	Қоршау	
30	ШСН-лар	

Содержание

Введение.....	IV
1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Термины и определения	2
4 Порядок разработки укрупненных показателей стоимости строительства	3
4.1 Общая часть	3
4.2 Подготовка исходных данных укрупненных показателей стоимости строительства.....	4
4.3 Составление перечня объектов для которых разрабатывается УПСС.....	4
4.4 Выбор единиц измерения укрупненных показателей стоимости строительства.....	4
4.5 Выбор объекта-представителя укрупненных показателей стоимости строительства.....	5
4.6 Формирование ресурсно-технологических моделей укрупненных показателей стоимости строительства.....	5
4.7 Расчет укрупненных показателей стоимости строительства.....	6
5 Формирование и оформление сборника укрупненных показателей стоимости строительства.....	7
Приложение А (обязательное) Примерный перечень единиц измерения	9
Приложение Б (обязательное) Коэффициенты на изменение толщины утеплителя и глубины заложения фундаментов для расчета климатических условий районов строительства для всех видов зданий.....	10
Приложение В (обязательное) Коэффициенты для приведения к несейсмическим районам при расчете СМР	15
Приложение Г (обязательное)	16
